№1 ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Күні: 05.09.2024 ж.

Қатысқандар: Әдістемелік кеңес мүшелері, мұғалімдер (толық)

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Әдістемелік кеңес құрамын, жоспарын бекіту.
2. Мектептің Ішкі тәртіп ережесін бекіту.
3. 8–11 сынып оқушылары арасында ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР бойынша РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР КОНКУРСЫ.
4. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру.
5. Жас мамандармен жұмыс жоспарын бекіту, жаңадан жұмысқа қабылданған жас мамандарға тәлімгер бекіту.
6. Сынып сағаттарына қатысу.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Абдрасилов Е.К. – Әдістемелік кеңестің жаңа оқу жылына арналған құрамы мен жұмыс жоспарын таныстырып, бекітуге ұсынды.
2. Мектептің Ішкі тәртіп ережесі оқылды, еңбек және оқу тәртібін сақтау талаптары түсіндірілді.
3. Каракулова Г.Ж. – 8–11 сынып оқушылары арасындағы Республикалық ғылыми жобалар конкурсына дайындық барысы, жоба тақырыптарын таңдау және жетекшілерді бекіту туралы баяндады.
4. Әлібек Б. – Ата-аналармен ынтымақтастықты арттыру, педагогикалық қолдау орталығының жұмысын жандандыру мәселелерін сөз етті.
5. Жас мамандарға тәжірибелі мұғалімдерді тәлімгер етіп бекіту және тәлімгерлік жоспарды бекіту ұсынылды.
6. Сынып сағаттарының өтілу сапасын бақылау және оларға қатысу кестесі қарастырылды.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Әдістемелік кеңестің құрамы мен 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Мектептің Ішкі тәртіп ережесі бекітіліп, ұжымға орындау міндеттелсін.
3. 8–11 сынып оқушыларының ғылыми жобалар конкурсына қатысуға дайындығы жандандырылсын. Жауапты: Каракулова Г.Ж.
4. Ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жасау Әлібек Б.-ға жүктелсін.
5. Жас мамандардың тәлімгерлік жоспары бекітілсін.

Төраға: _____ Абдрасилов Е.К.

Хатшы: _____ Хауспай А. А

ZIYATKER TURAN

№2 ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Күні: 22.11.2024 ж.

Қатысқандар: Әдістемелік кеңес мүшелері, пән мұғалімдері

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 4, 9-сыныптардағы негізгі пәндердің жүргізілуі. (Жауапты: Каракулова Г.Ж.)
2. Педагогтердің инновациялық тәжірибесін енгізу және тарату бойынша шығармашылық / зерттеу топтарының жұмыс тиімділігін бағалау. (Жауапты: Каракулова Г.Ж.)
3. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі жұмыстың жай-күйі. (Жауапты: Әлібек Б.Ә.)

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Каракулова Г.Ж. – 4 және 9-сыныптарда негізгі пәндердің берілу сапасы, бағдарламаның орындалуы, мемлекеттік емтихандар мен білім сапасын бағалауға дайындық деңгейін талдап өтті.
2. Каракулова Г.Ж. – Мектептегі шығармашылық және зерттеу топтарының жұмысын, мұғалімдердің инновациялық әдіс-тәсілдерді сабақта қолдану деректерін сараптады.
3. Әлібек Б.Ә. – Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, оқушылардың сабақтан тыс уақытын тиімді ұйымдастыру және профилактикалық шаралардың өтілу деңгейін баяндады.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 4, 9-сыныптардағы білім сапасын арттыру бойынша пән мұғалімдеріне қосымша тапсырмалар жүктелсін.
2. Педагогтердің озық тәжірибесін тарату бойынша шығармашылық топтардың жұмысы «қанағаттанарлық» деп танылсын.
3. Құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы профилактикалық жұмыстар күшейтілсін. Жауапты: Әлібек Б.Ә.

Төраға: _____ Абдрасилов Е.К.

Хатшы: _____ Хауспай А. А

№3 ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Күні: 27.03.2025 ж.
Қатысқандар: Әдістемелік кеңес мүшелері, пән бірлестік жетекшілері

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Дарынды оқушылармен жұмыстың жетістіктері мен кемшіліктерін анықтау, талдау». (Жауапты: Акынова С.С.)
2. Сабаққа ену нәтижесі. (Жауапты: Әкімшілік)

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Ақынова С.С. – Дарынды оқушылармен жүргізілген жұмыстардың қорытындысын ұсынды. Олимпиадалар мен конкурстардағы жетістіктерге тоқталып, кейбір пәндер бойынша дайындық деңгейіндегі кемшіліктерді атап өтті.

2. Әкімшілік өкілі – 3-тоқсан ішінде өкілдердің сабақтарға ену нәтижелерін талдады. Мұғалімдердің заманауи технологияларды қолдануы, критериалды бағалау және сабақ құрылымын сақтау мәселелері айтылды.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Дарынды оқушылармен жұмыс жоспары қайта қаралып, пән олимпиадаларына дайындық жұмыстары жүйеленсін. Жауапты: Акынова С.С.
2. Сабаққа ену барысында анықталған әдістемелік кемшіліктерді жою үшін мұғалімдерге өзара сабаққа қатысу ұсынылсын.

Төраға: Абдрасилов Е.К.
Хатшы: Хауспай А

ZIYATKER TURAN

№4 ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Күні: 27.05.2025 ж.
Қатысқандар: Педагогикалық ұжым, әдістемелік кеңес мүшелері

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2024–2025 оқу жылындағы әдістемелік кеңес жұмысының қорытындысы. (Жауапты: Каракулова Г.Ж.)
2. Педагог қызметкерлерді аттестаттау жұмысының барысы. (Жауапты: Каракулова Г.Ж.)
3. Жас мамандар есебі. (Жауапты: Тәлімгерлер)
4. Бірлестік жетекшілері есебі. (Жауапты: ӘБ жетекшілері)
5. Шығармашылық топтар есебі. (Жауапты: Каракулова Г.Ж.)

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Каракулова Г.Ж. – 2024–2025 оқу жылында атқарылған әдістемелік жұмыстардың есебін беріп, қол жеткізілген нәтижелерді баяндады.
2. Каракулова Г.Ж. – Педагогтерді аттестаттаудан өткізу, портфолио жинақтау және біліктілік санаттарын көтеру барысын баяндады.
3. Тәлімгерлер – Жас мамандардың жыл бойындағы кәсіби өсуі мен жетістіктері бойынша есеп берді.
4. ӘБ жетекшілері – Пән бірлестіктерінің жылдық есептерін ұсынды.
5. Каракулова Г.Ж. – Шығармашылық топтардың жылдық жұмыс қорытындысын оқып берді.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2024–2025 оқу жылындағы әдістемелік кеңестің жұмысы «канағаттанарлық» деп бағалансын.
2. Аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің құжаттары тиісті деңгейде бекітілсін.
3. Жас мамандар мен ӘБ жетекшілерінің есептері бекітілсін. Мұғалімдердің шығармашылық жұмыстары келесі оқу жылында жалғастырылсын.

Төраға: _____ Абдрасилов Е.К.
Хатшы: _____ Хауспай А

ZIYATKER TURAN